



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

7. Диалектологиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007.
8. Синонимдер сөздігі. Алматы: Арыс, 2007.
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (7-том). Алматы: Ғылым, 1983.
11. Дәуренбеков Ж. Қазақ мақал-мәтелдері. Алматы: Ана тілі, 2001.
12. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. Алматы: Мектеп, 1995.

ӨӨЖ 398.91: 59

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ ЖАН-ЖАНУАРЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Тұрлыхан Сусар Бүркітбайқызы

sj.36@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті
Мамандығының 2-курс студенті, Астаан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –Сағидолда Гүлғайша

Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі бай мұралардың бірі– мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер халық даналығының қазына байлығы. Олар ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі бақи бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Мақал-мәтелдерге бай халықтың бірі ол біз - қазақ халқы. Қазақ халқындағы мақал-мәтелдердің шығу тегін айтар болсақ, А.Байтұрсынов: «Мақал да таппаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Таппақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз - кесегімен айтылатын белгілі белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдепті сөз есебінде айтылады» [1,1126] – деп көрсеткен.

Мақал-мәтел дегеніміз - жалпы белгілі бір халықтың өмір тәжірибесінен, тіршіліктен көрген, түйген, білген, сезген, түйсінген нәрселерін ойша қорытып тілмен (сөзбен) кестелеп сол тәжірибелік, тағылымдық, эстетикалық, этикалық, өмірбаяндық, тарихи, кәсіптік, жаратылыстанушылық, генсологиялық, пәлсапалық т.б. аса маңызды өнеге өсиеттерді ұрпақтар жадына қалдыру. Мақал-мәтелдердің авторы да халық, есінде сақтаушысы да халық. Бірақ, сол әр қилы заманда өмірге келген мақалдарды кейінгі заман адамының түсініп, қабылдауы әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, «У жесең руыңмен», «Ханда қырық кісінің ақылы бар» деген мақалдарды кешегі бір тұстарда тайпалық, рулық қоғамды, хандық дәуірді дәріптеудің көрінісі деп жүрді. Ал, шындығында осынау ілгері мақалды не қиындық көрсең де, небір аласапыран алапатты кезге тап болсаң да еліңмен бірге бол деген мағынаны білдіреді.

Мақал-мәтелдер негізінен халық аузында ауызша сақталған. Ал, оларды нақты жинап, қағаз бетіне түсіру, баспасөз беттерінде жариялау – XVIII ғасырдың II жартысынан басталады. Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым Шоқан Уәлиханов. Мақал-мәтелдер әлі күнге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Ш.Уәлихановпен И.Н.Берензин архивтерінде XIX ғасырдың 50 жылдарында ел аузынан жазып алынған екі жүзден аса мақал-мәтелдері сақталған. Солардың ішінде күні бүгінгі дейін құнын жоймаған «Ақыл дария, көңіл дүлділ», «Тоты құс бойын көріп сырланады, аяғын көріп қолданады» деген секілді ондаған мәнді мақал-мәтелдер бар [2,3006]. Содан бері қазақ мақал-мәтелдері түрлі жинақтарда, хрестоматияларда жазылып, жарияланып келді. Сонымен қоса, қазақ мақал-мәтелдерін жинап, жариялауда өз үлестерін қосқан ғалымдар Ш.Ибрагимов, Ә.Ә.Диваев, Н.Ф.Катанов, Ы.Алтынсарин, Ө.Тұрманжанов, Н.Төреқұлов, М.Әлімбаев, П.М.Мелиоранский, Ә.Нұршайықовтар өз еңбектерінде жалпы мақал-мәтелдер туралы жазып көрсетеді.

Мақал-мәтелдердегі жан-жануарлардың қолданысы туралы көптеген ғалымдар өз еңбектерінде толық тоқталып кеткен. Орыс ғалымдары да қазақ даласындағы төрт-түлікке

қатысты жан-жануарларға зерттеулер жүргізді. В.В.Радлов, А.М.Щербак, Е.Убрятова, Э.В.Севортян, ал XX ғасырдың екінші жартысындағы Ц.Д.Номинханов, Е.Г.Корнилов, К.А.Новиков және т.б бірнеше орыс ғалымдары өз еңбектеріне аталмыш тақырып орын алды. Төрт-түлік мал атауларының қазақ тілі біліміндегі зеттелу жайына тоқталар болсақ Ш.Жанәбілов, Ә.Жақыпов, Т.В.Линко, С.К.Сәтенова, Х.Арғынбаев, Ә.Ермеков, А.Токтабаевтар, М.Бейсенбаева, Б.Б.Мансуровдың және т.б. ғалымдардың ғылыми негізде жазылған мақалалары жарық көрді [3,127 б].

Б.Шалабаев қазақ мақал мәтелдерін малшылық, аңшылық, егіншілік туралы деп негізгі үш тақырыпқа бөліп қарайды, олардың тәрбиелік, білім берушінің мәнін, қызметін көрсетеді, мақал мен мәтелдердің жанрлық ерекшеліктеріне тоқталып, әрқайсысына анықтама береді. Алайда, автор мақал-мәтелдің даму тарихына, жиналып, жариялану жайына көп көңіл бөлмеген, жанрлық ерекшеліктерін, өзге жанрлармен ара-қатынасын елемеген [4,303б].

Біздің зерттемізде қазақ халқының күнделікті тұрмысында және ел аузында жиі айтылып жүретін әуелі, төрт түлік малға қатысты, содан соң өзге де жан-жануарлар мен құстар жайында айтылған мақал мәтелдер ман Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың хадис мәтіндерінде келген жан-жануарлардың орны мен оған қатысты айтылған хадистерге қысқаша сипаттама бере отырып, олардың символдық ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Расында да төрт-түлік малдың қазақ танымында алар орны биік. Ал Құран аяттары мен Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың хадистерінде жан-жануарлардың орны, олардың жаратылысы туралы айтылған мәліметтер мейлінше көп. Өйткені Құран және хадистерде жан-жануарлар адамзат баласына бағынышты етіп берілген нығмет екендігі, яғни адам үшін жесе тағам, мінсе көлік ретіне берілгендігі жайында тоқталған. Мысалы, *сиыр* «Мал жақсысы – сиыр» деп айтылатын қазақ халқының өмір тіршілігінде расында да сиыр малының орны ерекше. Сиыр сүтінен жасалған тағамдар қазақ дастарханының ұлттық символына айналған. Сондықтан халық «Сиыр жайған тоқ болады, уайым-қайғы жоқ болады», «Сиырдың майы жанға рахат, зығырдың майы тәнге рахат» және т.б мақалдар айтқан [5,128-132 бб].

Мақал-мәтелдерді халық тұрмысындағы қай саладан болсын, аңғаруға болады. Мақал-мәтел шаруа малданған, жануарлар дүниесінің, дүние-мүлкінің, қару-саймандарының сыртқы белгілерін, ерекшеліктерін көрсететін, сипаттайтын жұмбақтай емес, уақиғаның, құбылыстың, қарым-қатынастың ішкі сырын, өмір танытқыштық мәнін, қызметі баяндалады. Басқа халықтар сияқты қазақ шаруаларының да алғашқы кәсібі - аңшылық болған. Анайы аңшылық дәуірден бізге сол қалпында жеткен мақал-мәтелдер көп емес. Өйткенмен халқымыздың кейінгі аңшылық кәсібінен бірсыпыра мақал-мәтелдер сақталған. Мысалы, «Бір оқты бұлан көтереді, екі қоты құлан өлтіреді», «Қағынан жеріген құлан оңбайды» т.б. Бұл мақал-мәтелдерден біздің ежелгі қазақ жерін қандай жануарлар мекендегінін, әсіресе, қандай аңдар көбірек ауланғанын аңғаруға болады. Қазақ шаруаларының қандай жануарлармен істес болғанын, олардың бағалауынша қай жануардың қандай қасиеті, ерекшелігі бар екенін білу қиын емес. Мысалы, «Аюдан қорыққан тоғайға бармас», «Арыстанда бір жігіттің күші бар, қырық жүрегі бар», «Жолбарыста бір жігіттің жүрегі бар, қызыр жігіттің күші бар» деген мақалдардан жыртықшайуандардың батылдығы, қуаты және адамға, малға зиянды жақтарын айқын көрсетілген.

Аңшылық қазақ шаруасының күнкөріс кәсібі ғана емес, сонымен қатар ойын жастарын еңбекке, ерлікке, ептілікке жаттықтыратын өнер білімі болып табылады. Сондықтан мақал-мәтелдерде аңшылықпен байланысты кез келген құралдар мен жануарлар атала бермейді, садақ, мылтық сияқты жауынгерлік қару саймандар, жүйрік ат, құмай тазы, қыран бүркіт сияқты жануарлар, құстар мақталады. Мысалы, «Сұңқар тұғырына саңғырмайды», «Жақсы ат жанға серік», «Нар жолында жүк қалмас» деген мақалдар дәлел бола алады.

Қазақта аң, құс, балық аулау қазақ шаруасының көмекші кәсібі, ал негізгі кәсібі мал өсіру болған. Сондықтан да қазақ мақал-мәтелдерінің көбісі малмен байланысты туған. «Мал адамның бауыр еті» деген мақалға үңілетін болсақ, қазақ ежелден төрт түліктің қай қайсысын болсын киелі деп санаған. Ісше сусыны, кісе киімі, жесе тамағы, мінсе көлігі болып саналады. Төрт түліктің бірі жылқыға келер болсақ, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде

мынадай анықтама берілген: 1) Тақ тұяқты ірі қара, төрт түлік малдың бірі; 2) Мінсе, жегіп күшін пайдаланатын көлік [6,328 б]. Мысалы, жылқы малы қазақ эпостық жырларындада көп қолданылған. Тайбұрыл, Қарақасқа, Байшұбар, Тарлан, Құлагер және т.б. батырлардың көлігі, жан серіктері болған тұлпарлар.

«Қойлы бай қорлы бай», «Семіздікті қой ғана көтереді», «Қой алты күн аштыққа шыдайды», «Қойдың саны мыңға жетсе, керегенің басынан бас кетпейді», «Есің кетсе ешкі жи, ешкі жи да есің жи», «Сиырлы бай сары май», «Сиыр мүйіздің күші болмайды, егіз мүйізді сиырдың сүті болмайды», «Жылқы малдың патшасы», «жігіттің сорлысын аттың жолдасы теңейді», «Есек жорға қатқақта, сыры мәлім батпақта», «Қарға мақтанып сұңқар болмас, есек мақтанып тұлпар болмас», «Итті күшім күшім десең, аузыңды жалайды», «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді», «Мысық жоқта тышқан төбеге шығады», «Мысыққа ойын, тышқанға өлім» деген мақалдардан біз бүкіл үй жануарларын, яғни төрт түлік малды да қазақ халқы назардан тыс қалдырмаған.

Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің қалыптасуына әсер еткен факторлардың бірі халықтың шаруашылық жағдайы, кәсібі, тұрмыс-тіршілігі, әдет-кұрпы, әрбір өңірдің өзіндік шаруашылық, мәдени жағдайлары.

Қарақалпақстан, Өзбекстан қазақтары және Қазақстанның оңтүстік аймақтары тұрғындарының тілінде *есекке* байланысты мақал-мәтелдер көп кездеседі. Мысалы, «Ешектің ақырына ат байласа, тәсілі ұрар» (Өзб.қаз), «Ешекке мүйіз бітсе, егесін сүзер, Түйеге қанат бітсе, тамыңды бұзар» (Өзб.қаз). Мұндағы негізгі шартты белгі адам бойындағы жағымсыз қасиеттерді есекке теңеу арқылы жасалған [7,12 б].

«Түйе қартайғанда көшегіне ереді», «Түйесі жоқ ауылға тайлақ атан көрінер» деген мақалдар түйе малының қазақ халқының шаруашылығында өзіндік ерекшелігі бар екенін көрсетеді. Қазақ халқының және өзге де халықтың мәдениетінде жыл атауына қатысты «Түйе бойына сеніп құр қалыпты» деген мақал қалыптасқан. Жалпы айтқанда түйе малының табиғатынан жуастықтың, еркіндіктің, төзімділіктің символын аңғаруға болады.

С.Жүнісовтің драмалық шығармаларында мақал-мәтелдер шығарма тілінің көркемдігін арттырып, кейіпкер бейнесін нақтылау, кейіпкерінің бойындағы адамгершілік қасиеттерін аша түсу, әлеуметтік ортаны суреттеу, драмадағы бір кейіпкерді басқа кейіпкерлерден даралап көрсету мақсатында қолданғаны анықталады [8,14 б]. Мысалы, «Заманың түлкі болса, тазы боп іл», «Таздан тарақ қалғалы не заман», «Көкек өз атын өзі шақырады», «Өлі арыстаннан тірі тышқан мықты» деген мақал мәтелдерде адамдарды жан-жануарға теңеген. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: түлкі – айласы көп, қу, әккі, залым; таз – басы таз адам; көкек – тұмсығы мен қанаты ұзын, тікше біткен айдары бар сарыала түсті құс деген мағыналарды білдіреді.

Қазақ ауыз әдебиетінде ерекше көрініс беретін мақал-мәтелдер сан алуан тақырыпты қамтиды. Мақал-мәтелдер біздің өткенімізден хабар берер мәдени мұраларымыздың бір бөлшегі. Мақал-мәтелдерді қарастыруда, соның ішінде жан-жануарларға қатысты мақал-мәтелдерге баса назар аударып өткен жөн деп ұйғардық. Нәтижесінде тілімізде жануарларға қатысты мақал-мәтелдердің көптеп ұшырасатынына, ол туралы көптеген зерттеулер барына көз жеткіздік. Осы зерттеу негізіне арқау болған мақал-мәтелдердің мәні ерекше және астары мол. Сонымен қоса, жануарларға қатысты мақал-мәтелдердің әр аймақтағы көрінісіне де куә болдық. Нақтырақ айтқанда қазақтың мақал-мәтелдері сан ғасырлық халық тәжірибесінің жиынтығы, ақыл-ойының қорытындысы және қоғамдағы даулы мәселерді реттейтін заңы. «Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» - мақал-мәтелдер халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесінің, ақыл-ойының көрінісі, шежіресі. Жан-жануарларға қатысты мақал-мәтелдерді қарастыра келе, тіліміздің қаншалықты бай тіл екендігіне көз жеткіземіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Адамбаев «Асыл қазына»: Ғылыми зерделеу мен зерттеулер-Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2009. – 320 бет.

2. Н.Т.Нығметова «С.Жүнісовтың драмалық шығармалары тілінің көркемдік ерекшеліктері», Астана 2009.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов.- Алматы: Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
4. Б.Б.Мансуров «Қазақ мақал-мәтелдеріндегі діни-хадистік аспект» ғылыми диссертация, Алматы, 2014.

УДК 811.512.1'451.5

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫПШАҚ-ПОЛОВЕЦ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҮСТЕУЛЕРДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

Төлегенова Мөлдір Елжанқызы,

Moldir_inder94@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті,

«Филология: қазақ тілі» мамандығының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Сағидолда Г.С.

Сөз таптары – сөздердің құрылымдық-семантикалық немесе лексика-грамматикалық топтары. Сөз таптары бір-бірінен білдіретін мағыналары, морфологиялық белгілері, сөзжасамдық және сөзөзгерімдік қасиеттері, сөйлемдегі синтаксистік қасиеті жағынан ажыратылады. Тілдегі осындай сөз таптарының бірі – үстеулер. Аталмыш сөз табы түркі тілдерінде салыстырмалы түрде кешеуіл қалыптасқан. Дербес сөз табы ретінде өзге грамматикалық категориялардан кейін пайда болған.

Үстеудің сөз табы ретіндегі алатын орны мен атқаратын қызметі, лексика-грамматикалық ерекшелігі белгілі бір жүйеге түсті. Десек те, туыстас түркі тілдеріндегі үстеулердің пайда болуы, қалыптасуы мен даму факторы, тарихи құрамы мен мағыналық құрылымы, өзге сөз таптары единицаларының үстеулер қатарына ауысуы назардан тыс қалып келеді. Мақаланың мақсаты – сол назардан тыс қалған дүниенің орнын толтыруға қадам. Қазақ тілі қыпшақ тобының қыпшақ-ноғай топшасына кіреді. Ендеше үстеулерді зерттеудің басты тілдік бірлігі ретінде алып, қазақ тілін қыпшақ-половец топшасындағы тілдермен салыстырудың тарихи грамматикалық, морфологиялық тұрғыдан зор мәні бар.

Қазақ тіліндегі үстеу сөз табын өзге сөз таптарынан даралап тұратын лексика-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілері бар. Олар: а) *лексика семантикалық қасиеті* – сөздердің мағыналық топтарымен айқындалады (мекендік, мезгілдік, қимыл-сын, себеп, мақсат т.б.), ә) *морфологиялық ерекшелігі* – түрленбейтіндігі немесе аз өзгеретіндігі, арнайы сөз жасаушы формаларының бар болуы және түрленуші сөздер мен сөз таптарының барлығымен сөзжасамдық қатынасқа түсуі; б) үстеулердің *синтаксистік белгісі* – біріншіден, сөйлемдегі қызметі, екіншіден, синтаксистік байланыс формасы яғни, белгілі бір сөз таптарымен байланысу қабілетімен ерекшеленеді. Енді осы белгілердің ара қатынасы қарашай-балқар, қырымшақ, қарайым және қырым-татар тілдерінде қалай түсіп жатырғандығы мәселенің басты сұрағын айқындайды.

Қарашай-балқар тілінің үстеулерін зерттеуші **С.А.Гочияева** аталмыш сөз табының лексика-грамматикалық құрылымын да үш өлшемнің бірлігі құрайтындағын айтады: «Они складываются из общности и единства трех измерений: 1) *лексического значения* слова, что предполагает лексическую самостоятельность наречий, как слов со смысловым значением, указывающим на время, место, причину, цель и образ действия; 2) *морфологической структуры* наречий, которая складывается из: а) отсутствия форм словоизменения; б) наличия собственной системы словообразовательных средств; и в) соотносительности наречий с другими частями речи; 3) *синтаксической функции* обстоятельного слова в предложении» [1, 28 б.].

Ал қарайым тілінің зерттеушісі К.М.Мусаев: «Наречие в караимском языке, как и в